

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

Жалпы білім беру пәндерін жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша әдіс –тәсілдерді қолдану



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДА ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасының «Жаңа әлемдегі - жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай, біздің еліміздің кез келген азаматы біліміне сәйкес білікті мамандық алып, әлем елдерінің талабына сай суранысқа ие болатын деңгейге жеткенде ғана, елімізде жасалып жатқан білім беру реформасының жетістікке жеткенінің куәсі бола аламыз. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зиякерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген алами қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұов « Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек» дегендей, оқыту барысында ең озық, тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Бүгінгі күні кез-келген оқытушы физика пәні болсын, басқа пәндер болсын, ақпараттық коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы әртүрлі сабақтарға әзірлемелер дайындап және оны жоғары деңгейде өткізе білсе, сабақтың тартымды әрі қызық болатыны мәлім. Жаңа технологияны пайдалану немесе меңгеру оқытушының интеллектуалдық, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адам қасиеттерінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Сондай технологиялардың бірі педагогика ғылымының докторы Ж. Қараевтың «Денгейлеп саралап оқыту» Өзіме сабақ беру барысында деңгейлеп оқыту технологиясының көп көмегі тиіп жүр. Денгейлік тапсырмаларды жүргізудегі негізгі мақсатым – студенттің қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнне қызығушылығын арттыру. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асырамын

1. Студенттердің бірімен-бірі білімдерін алмастыруы.
2. Студенттердің өздігінен білімін толықтыра отырып, жаңа білімді яғни жаңа сабақты меңгеруі.
3. Берілген білімді пысықтау.
4. Шығармашылық қабілеттерін арттыру

Денгейлік тапсырмаларды төмендегі сабақ түрлерінде қолданған өте тиімді. Мысалы: топпен жұмыс, пікірталас, семинар, сабақтан тыс қосымша сабақтар. Осы технологияны пайдаланудың тиімді түстары:

- студентті пәнне деген жеке қызығушылығын оятады;
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- студентті шығармашылық жұмысқа баулиды...

Физика пәні оқытушысы Дюсупова М.Т.

Жалпы білім беру пәндерінің бірлестігі



БІЛІМ БЕРУДІ ЖАҢА RTY ЖАҒДАЙЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Елбасымыздың басты міндеті-бәсекеге қабілетті ену елдің қатарына қосылу, тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың білім алуына ерекше көңіл бөлу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсеткендей, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1,5].

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу - тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздеймін. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталды. Қазақстан Республикасы да ғылыми - техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңге енді.

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңінде, бұл кезең ақпараттық кезең яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық - коммуникативтік технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кіріпті, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі ақпараттық - коммуникативтік технологиялар» ұғымы «оқытудың жаңа инновациялық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т. б., тіркестермен тығыз байланысты.

Инновациялық технология электрондық есептеуші техникасымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделген. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникативтік байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Жедел дамып отырған ғылыми -техникалық прогресс қоғам өмірінің барлық салаларын ақпараттандырудың ғаламдық процесінің негізіне айналды.

Заман ағымына қарай ақпараттық технологияларды қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасаймын. Инновациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие.

Информатика пәнін білім мазмұнын жаңарту жағдайында оқытудың мақсаттарын алға қоямын:

- Информатика пәнінің білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы мақсаты:
- Оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web-сайттар ашу;
 - Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
 - Білім мазмұнын жаңарту жағдайында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
 - Қашықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.
 - Білім мазмұнын жаңарту жағдайында Smart технологияларын ұғыну арқылы информатика мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру.

Математика пәні мұғалімі Жумадилова Ж.Ш.



БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің бір еңбегінде «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлттаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» - деп атап көрсеткен.

Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз ететін – білім саласы.

Зерттеудің мақсаты: Математика сабағында жаңа технологияны пайдалана отырып, білімді, білікті, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, өзін – өзі іс жүзінде көрсете білетін шығармашы тұлға дамытып қалыптастыру.

Зерттеудің міндеті:

1. Студент қабілеті мен әрекетін дамыту, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету;
2. Студент шығармашылығын дамытудың деңгейлерін, көрсеткіштерін айқындау.

3. Пән бойынша жүргізілетін жұмыстарды зерттей отырып, ақпаратты қорыға, қысқаша түйіндей алуы.

Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тарған кезеңі. Ал, талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты – математикалық мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады. Қазіргі таңда жаңартылған білім мазмұнына сәйкес математика сабағында мұғалім теориялық ілімдерді меңгертуді, практикалық әдіс-тәсілдермен ұштастыра отырып, тез, ұтымды есептеулерге жағатықтырады. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде тәзімділік пен табандылық қалыптасады. Жаңартылған білім мазмұны бойынша математика сабағын жүргізгенде әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек.

Математика пәні нәтижелі болу үшін: *Әдіс-тәсілдердің тиімді таңдалуы; Сабақтан алған әсері оқуға қызығушылығын және білімге деген сұранысты арттыруы; Сабақ қарқынның студенттерге қолайлылығы, мұғалім оқытушы мен студент жұмыстарының нәтижелілігі; Жұмыс барысында оқытушы мен студент арасында тығыз байланыс орнату, әр студентке сенім білдіру;

Жаңартылған бағдарлама бойынша әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижелерінің дәлелділігі мен негізділігі:

Студент тұлғасына бұл бағдарламадағы әдіс-тәсілдер бойынша білім беру оқытушы тарапынан әр студенттің өзіндік жақын даму аймағында дербес қабілетін дамытуға түрткі болу, оларды оқыту мен оқу құндылықтары қатар жүретін практикалық әрекеттерге баулу, баланың қолынан келетін істерін қолдау арқылы қиын проблемаларын шешуге көмектесу болып табылады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибемде қолдану. Жаңартылған бағдарлама бойынша ойлаудың әдіс-тәсілдері студенттерді тынымсыз іздемпаздыққа баулиды. Баланың еркін де терең ойлауына, үздіксіз жұмыс жасауына жол ашады. Бұл бағдарлама студент оқытушымен, тұлғаларымен еркін сөйлеуге, пікір таластыруға, ойын тыңдауға, құрметтеуге қиындықты жеңуге көмектесетін бағдарлама.

Сабақ барысында жаңартылған бағдарлама бойынша әдіс-тәсілдерді қолдану студенттермен әрдайым тіл табысуға даяр болу, оларды байыппен тыңдау, бірге іздену, шығармашылық қабілеттерін арттыру, сабақ барысында әр оқу жүйесін қалыптастырып, білім сапасын көтеру.

Математика пәнінің оқытушысы Тургалеева М.У.